

Апашева С.Н.¹ Зоржанова Айсулу Асировна²

*Сырдария университеті
Қазақстан, Жетysай қаласы. sabira66_66@mail.ru
²Сырдария университеті*

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ САБАҒЫНДА БІЛІМГЕРДІҢ СЫНИ ТҮРҒЫДАН ОЙЛАУЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ КЕЙБІР ТӘСІЛДЕРІ

Аңдатпа

Қазіргі таңда қазақстандық білім беру үрдісінде жоғары оқу орны шеңберінде және де жалпы орта білім беруде оқушыларды немесе білімгерлерді жан-жақты тұлға ретінде қалыптастыру мақсаты басты орынға шығарылуда. Осы тұста білімгердің және де жалпы оқушылардың қиялдау, ойлау, есте сақтау, зейіні іспеттес танымдық қабілеттері мен танымдық іс-әрекеттерін дамыту да сол «жан-жақты кемелденген тұлға» ретінде қалыптастыруда шешуші фактор ролін ойнайды. Сондықтан да қазіргі педагогика ғылымының алдында тұрған басты міндет-білімгерлер мен оқушылардың танымдық іс-әрекеттерін, танымдық қабілеттерін өз деңгейінде қалыптасып, дамуын қадағалау, осы аталғандардың дамуына жағдайлар жасау болып табылады.

Мақалада ЖОО шеңберінде, оның ішінде Қазақстан тарихы курсына білімгердің сыни тұрғыдан ойлауын қалыптастырудың кейбір тәсілдері қарастырылған.

Кілтті сөздер: технология, педагогикалық инновациялық технология, сыни ойлау, білімгер, әдіс-тәсілдер, әдістеме.

Apasheva S. N.¹, Zorzhanova A. A.²

*¹Head of the Department of Syrdarya University, candidate of historical Sciences.
sabira66_66@mail.ru*

*²Master of science, University of Sirdariya
Ways of forming critical thinking of students in the history of Kazakhstan lessons*

Abstract

At present, in the educational process in Kazakhstan, the goal of forming students or students as a multifaceted person in the framework of higher education and in general secondary education is given priority. In this regard, the development of cognitive abilities and cognitive activities of the student, as well as students in general, such as imagination, thinking, memory, attention, also plays a key role in shaping him as a "fully developed person." Therefore, the main task of modern pedagogical science is to monitor the formation and development of cognitive activity, cognitive abilities of students and pupils, to create conditions for the development of these.

The article considers some ways to develop students' critical thinking within the university, including in the course of history of Kazakhstan.

Keywords: technology, pedagogical innovative technology, critical thinking, student, methods, techniques.

Апашева С.Н.¹ Зоржанова А.А.²

*¹Заведующий кафедрой университета Сырдария, кандидат исторических наук.
sabira66_66@mail.ru*

²Магистр наук, университет Сырдария

СПОСОБЫ ФОРМИРОВАНИЯ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ ОБУЧАЮЩИХСЯ НА УРОКАХ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА

Аннотация

В настоящее время в казахстанском образовательном процессе в рамках высшего учебного заведения, а также в общем среднем образовании основной целью является формирование учащихся или студентов как разносторонней личности. В связи с этим важно сформировать у ученика и студента полностью развитую личность через развитие познавательных способностей и действий, таких как общее воображение, память, внимание. Поэтому главной задачей, стоящей перед современной педагогической наукой, является формирование и развитие познавательных способностей студентов и учащихся, создание условий для их развития.

В статье рассматриваются некоторые подходы к формированию критического мышления студентов в рамках вуза, в том числе в курсе истории Казахстана.

Ключевые слова: технология, педагогическая инновационная технология, критическое мышление, обучающийся, метод, методика.

Сыни тұрғыдан ойлау технологиясы ең алғашында Америка Құрама Штаттарында жалпы «технологиялық төңкерістер» кезеңінен бастау алған. Батыс елдерінде ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап педагогика саласына да технология элементтерін енгізудің тәжірибесі кеңінен жүргізілді. Ол бойынша адамзат өмірінің барлық саласында арнайы бір жүйелілікпен бағдарламаланған технологиялар негізінде жетістіктерге жетудің жолдары кеңінен қарастырылу кезеңі бастау алды. Сол сәтте оқушылар мен білімгерлердің сыни тұрғыдан ойлауын дамыту және қалыптастыруға бағытталған зерттеулер де кең ауқымда жүргізілді. Мәселен, Блум, Огл, Дж.Стилл, Темпл, Мередит т.б. әдіскерлердің еңбектерінде сыни тұрғыдан ойлау технологияларының механизмдері мен тетіктері жан-жақты қарастырылды. Осы аталған батыс авторларына сүйене отырып ТМД аумағында сыни тұрғыдан ойлау технологиясына ұсыныстар мен әдіснамалық пікірлер (зерттеулер) жүргізгендер қатарына-А. Тягло, В. Бугер, А. Галямова, И. Загашев, А. Генике, С. Заир, Г. Сорин, И. Мороченкова, А. Федоров, Полат, Г. Биккулова.

Өткен ғасырдың орта шегінен бастап әлемдік педагогтар білім алушылардың сыни ойлана алуының маңыздылығы жөнінде көптеген педагогикалық ой-тұжырымдарды негіздеген болатын. Өйткені, сыни ойлай алу-білім алушының өзіндік санасының кепілі, ал өзіндік санасы, өзіндік дүниетанымы қалыптасқан адам-жалған ақпаратқа өз тұжырымдарымен жан-жақты сараптау, талдаулардан өткізуді жөн санайды.

Ойлау-бізді қоршаған құбылыстар мен заттарды тану арқылы, осы аталғандардың арасындағы заңдылықты байланыстарды тануға негізделген ақыл-ой іс-әрекетінің бір түрі, әрі біздің айналамыздағы шынайылықтың бейнесі. Адамның ойлауы өзіне тән келесідей ерекшеліктермен сипатталады.

Сыни ойлау-бұл ақыл-ой іс-әрекетінің бір түрі, сыни ойлаудың нәтижесінде адам өз өмірінде алдынан шыққан ой-тұжырым туралы, өзінің немесе басқаның қылығы туралы, кез-келген мағлұмат көзі туралы жан-жақты тексерілген, «сау» шешім қабылдай алатындай ойлау операцияларын айтамыз делінді [1].

Сыни ойлау үшін білімгердің бойында креативтілік, саналылықпен бір қатарда білімгер өзінің іс-әрекеттеріне, өз ойларына сырттай өзіндік бақылай алу қабілетіне де ие болуы тиіс. Сыни ойлау мәселесіне ұзақ жылдар бойы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізген **Клустэр** жеке адамның өз ойына сырттай бақылау жүргізе алуы сол адамның өзімен танысқандығын білдіреді деген тұжырым білдірді. Сонымен қатар автор кез-келген мәселеде аналитикалық ойлана алуына, мәселелерді жан-жақты көзқарастар мен тұжырымдарда талдау жүргізе алуға, ең бастысы басқа адамның да жоғарыда аталғандай қабілеттеріне баға беруге жол ашады. Бір сөзбен айтқанда білімгердің саналылығы, өз ойына өзіндік бақылау жасап, баға бере алуы адамның іштей өзін тануына жол ашады. Осыдан шығатын бір тұжырым-өзін таныған адам сыни тұрғыда ойлай алатын адам деп толық айта аламыз[2].

ТМД және қазақстандық авторлардың білім беру саласындағы модернизациялау немесе технологиялау ісіне қосқан үлесі туралы да бірер сөз айта кетпесек болмайды. Жаңа оқыту технологияларын енгізу, әдіс-тәсілдері мен жолдары, тетіктері мен нәтижелілігі жөнінде зерттегендер қатарына:

- ТМД елдері ғалымдары: Татур, В. Беспалько, М. Кларин, В. Слостенин, Н. Кузьмина және т.с.с.

- Қазақстандық ғалымдар: М.М. Жанпейісова (Модульдік оқыту технологиясы), Д.Жүсіпбадиева, Ш. Таубаева, Ж. Қараев, М. Мәлібекова, Б. Әбдікәрімұлы т.с.с.

- Батыс елдері мен АҚШ ғалымдары: Б. Блум, Д. Блок, Л. Андерсон, Т. Гилберт, Мейджер т.с.с.

Сыни тұрғыдан ойлау технологиясын оқыту үрдісінде қолдану (енгізу) негізі ғалым, таксономиялық білім беру негізін салушы ғалым Б. Блумнан бастау алған.

Қазақстан тарихы сабақтарында сыни тұрғыдан ойлау технологиясын енгізудің басты мақсаты-білімгердің пәннің өзекті, тартысқа толы мәселелеріне қатысты сыни көзқарастарын қалыптастыра алу. Ол үшін бүкіл аудитория студенттерінің сол мәселеге қатысты тартысты, сыни тұжырымдарын білдіруіне қол жеткізілуіне жағдай жасалады. И. Загашев бүкіл аудитория студенттерінің сыни ойлауын қалыптастыру үшін әрбір студенттің жауабын жазбаша түрде алуды ұсынады. Сондай-ақ білімгердің сыни ойлауына қол жеткізу үшін өзара жауаптарын талқылау арқылы топтық жұмыстар жүргізу де ұсынылады[3].

Қазақстан тарихы сабағында сыни ойлану қабілеті немесе дағдысы тақырыптың мазмұны бойынша күрделене түседі, сыни тұрғыда ойлану барысында ойлау механизмдерінің бірізділігі пайда болады, сәйкесінше бұрынғы дәстүрлі оқыту жүйесінен педагогикалық технологияларға негізделген күрделі әдіс-тәсілдерге жалғасын табуын педагог сабақ барысында жан-жақты қарастыру керек. Қазақстан тарихы сабағы бұрынғы дәстүрлі педагогикалық әдіс-тәсілдердің орнына білімгерлердің арасында пікір-талас туындататын, оқу-танымдық және де проблемалы мәселелер туындатылуы құптарлық. Сабақ барысында пікір-талас көп туындататын мәселе қаншалықты күрделілеу болса, білімгер арасында көптеген жеке өзіндік ой-тұжырымдарды туындататындай шараяттар көбірек ұйымдастырылса, білімгерде сыни тұрғыдан ойлау дағдысының қалыптасуына мүмкіндіктер туады.

-білімгердің сыни ойлауды тудыратын мәселелер мен проблемаларды шеше білуі.

-білімгердің сыни тұрғыдан ойлауын жүзеге асыруда білімгерге жеке ойлана алу «бостандығын» беруге де байланысты.

Сыни тұрғыдан ойлана алатын білімгерлер аудиторияда қаншалықты көп болса соншалықты білімгерлер арасында да, педагог пен білімгерлер арасында да ой қарым-қатынастар құрылады, сонымен бірге жоғары деңгейдегі өз-өзіне бақылау жасай алатын білімгерлердің саны көп болған сайын оқу-танымдық үрдіс те өз деңгейінде ұйымдастырылады.

Білімгердің сыни тұрғыдан ойлауын қалыптастыруда көптеген қателіктер мен қайталаулармен бірге келесі сызба-тірек бойынша педагогикалық үрдісті ұйымдастырады:

1. сабақтың тақырыбына сәйкес өзекті немесе проблемалы мағынадағы мәселе сол сабаққа кіріктірілуі (мүмкіндік болған жағдайда алдыңғы сабақтағы проблемалы мәселемен байланыстырылады).

2. Оқу үрдісінде сыни мәселені талқылаудың шараяттарына жағдай жасау.

3. Әрбір білімгер өз ойына, өз эмоцияларына бақылау жасайды, сыни мәселені әрбір білімгердің өз бетінше талдап, өзіндік талқылайды.

4. Білімгердің өз ойына бақылау жасау сәтінде педагог мәселенің маңызды тұтастарына бұрып отырады.

5. Сыни мәселені қарастыруда білімгер қасындағы серігіне немесе топ мүшелерінің сол сыни мәселе туралы дәлелдемелеріне де мән беріліп, жан-жақты қарастырады.

6. Педагог сабақ барысындағы тапсырмалардың орындалуын бақылайды, бүкіл студенттердің сабаққа қатынасуын қадағалайды.

7. Білімгер қажет болған жағдайда мәселені сыни тұрғыдан қарастыруды қайталайды.

8. Сабақ бойынша орындалған тапсырмалар және сыни мәселе бойынша шешімдер талданады (кесте-1).

Кесте-1. Сыни тұрғыдан ойлауды қалыптастыруға бағытталған педагогикалық үрдістің барысы мен механизмдері

Кезең	Педагогтің іс-әрекеті	Білімгердің іс-әрекеті
1-кезең	Өзекті мәселе сол сабаққа кіріктіріледі.	Өзекті мәселемен таныстыру.
2-кезең	Оқу үрдісінде сыни мәселені талқылаудың шараяттарына жағдай жасайды.	Оқу үрдісінің ұйымдастырылуына ат салысады.
3-кезең	Оқу үрдісінде білімгердің сыни мәселені өз бетінше талқылауына жағдай жасайды.	Әрбір білімгер өз ойына, өз эмоцияларына бақылау жасайды, сыни мәселені әрбір білімгердің өз бетінше талдап, өзіндік талқылайды.
4-кезең	Педагог мәселенің маңызды тұтастарына бұрып отырады.	Білімгердің өз ойына бақылау жасайды.
5-кезең	Педагог мәселенің маңызды тұтастарына бұрып отырады.	Сыни мәселені қарастыруда білімгер қасындағы серігіне немесе топ мүшелерінің сол сыни мәселе туралы дәлелдемелеріне де мән беріліп, жан-жақты қарастырады.
6-кезең	Педагог сабақ барысындағы тапсырмалардың орындалуын бақылайды, бүкіл студенттердің сабаққа қатынасуын қадағалайды.	Білімгер сыни мәселені талқалауға негізделген тапсырмаларды орындайды.
7-кезең	Педагог мәселенің маңызды тұтастарына бұрып отырады.	Білімгер қажет болған жағдайда мәселені сыни тұрғыдан қарастыруды қайталайды.
8-кезең	Сабақ бойынша орындалған тапсырмалар және сыни мәселе бойынша шешімдер талданды.	Сабақта талданған мәселе бойынша өзіндік тұжырымға ие болады.

Сыни ойлау тең пікір алмасуды, саналылықты, өз-өзіне бақылау жасауды қажет еткендіктен, бұл ортада теңдікке негізделген қарым-қатынасты іске асыру керек.

Білімгердің сыни тұрғыдан ойлауын дамыту және қалыптастыру барысында педагогтің ролі өзгереді, лекция сабақтарында педагог мағлұмат жеткізуші қызметінен білімгерлермен бірге сол мағлұматтың шындыққа жанасуын ізденуші, білімгерге «жол көрсетуші» қызметіне ауысады.

Мәселені сыннан өткізуде ойлаудың қандай дағдыларын қолданған жөн? Сыни мәселенің соңғы нүктесіне, яғни мәселенің сыннан өтіп шынайылығына көз жеткізуде білімгердің ойлау механизмдері қандай? Білімгердің ойлау дәрежесіне интеллектуалды мүмкіндіктерінің қатысы қандай?

Алынған нәтижені салыстыру. Сабақтың алдына немесе проблемалы мәселені сыннан өткізудегі алдына қойылған мақсатқа қол жеткізілді ме?

Қазақстан тарихы сабағында сыни тұрғыдан ойлау технологиясын қолданудың келесідей артықшылықтары барлығын да атап өте кетейік:

-білімгерлердің сабаққа деген ынта-ықыласы артты.

-білімгердің Қазақстан тарихының өзекті, сыни мәселелеріне қатысты қызығушылықтары қалыптасты, бұл бір жағынан, екінші жағынан сол мәселелерге қатысты өзіндік ой-пікірлері орнықты.

-білімгердер Қазақстан тарихының сыни, проблемалы мәселелеріне қатысты өз ой-пікірлерін ашық-айдын білдіре алып, сол мәселені қорғай алады.

-білімгер Қазақстан тарихының өзекті, көкейтесті, әрі сыни мәселелеріне дәлелдемелер негізінде сыни, «шынайы» көзбен қарауды үйренеді.

-сабақ үстінде тарихи дерек көздерін сыни сараптан өткізу арқылы, өзіндік көзқарастары қалыптасты[4].

Қазақстан тарихы курсына білімгердің кең ауқымды мағлұматтарды қабылдауы мен талдауы үшін **«Білгім келеді, үйренгім келеді»** деген тәсілдер қолданылу ұсынылады.

Сол мәселе бойынша өзіндік ой-тұжырымдары мен көзқарастары талданады. Тәсіл Қазақстан тарихы сабағы бойынша білімгердің ненің үйренгенін, қандай мәселені сыннан өткізгенін талдауға, жиынтық тұжырым жасап, талдауға мүмкіндік береді (кесте-2).

Кесте-2. **«Білгім келеді, үйренгім келеді» тәсілі бойынша соңғы тірек-сызбаның үлгісі**

Тақырып бойынша сабақтан алдын нені білдім?	Сабақтан кейін нені үйрендім?	Қайсы проблемалы мәселені сыннан өткіздім?	Сабақ тақырыбы бойынша проблемалы мәселеге өзіндік ой-тұжырымым қандай? Сабақ барысында тұжырымым өзгерді ме жоқ па?	Айғақтар

Кластерлер. Сол жетіспейтін мәселеге қатысты білімгердің өзіндік ой-тұжырымы қалыптасуы үшін қолданылады.

-ой қозғау сәтінен кейінгі қабылданылған, сыннан өткен деп саналатын мәселені ұғыну кезеңінде кластер тәсілі сол мағлұматты қабылдап алуда кластер әдісі қолданылады.

-білімгер сыннан өткен мәселені қабылдап болған соң, сыни мәселеге қатысты өз ойына бақылау жасау кезеңінде кластер әдісі жаңа мағлұматты тіркеп, өз тұжырымына айналдыруда қолданылады.

Кесте-3. Сыни ойлау технологиясының түрлі кезеңіндегі «кластер» әдісінің қолданылуы

р/с	Сыни ойлау технологиясының кезеңі	Кластер әдісінің атқаратын қызметі
1	«Ой қозғау» кезеңі.	Сыни мәселеге қатысты ой қозғау кезеңінде бұл тәсіл жеткіліксіз болған мағлұматтардың орнын толтыру үшін, сол жетіспейтін мәселеге қатысты білімгердің өзіндік ой-тұжырымы қалыптасуы үшін қолданылады.
2	Ұғыну кезеңі.	Ой қозғау сәтінен кейінгі қабылданылған, сыннан өткен деп саналатын мәселені ұғыну кезеңінде кластер тәсілі сол мағлұматты қабылдап алуда кластер әдісі қолданылады.
3	Рефлексия кезеңі	Білімгер сыннан өткен мәселені қабылдап болған соң, сыни мәселеге қатысты өз ойына бақылау жасау кезеңінде кластер әдісі жаңа мағлұматты тіркеп, өз тұжырымына айналдыруда қолданылады.

Қосу (+)- осы мәселе сыннан өтеді ме? Шындыққа жанаса ма? Осы айғақтың шындығын, сыннан өткендігін дәлелдейтін ойлар мен тұжырымдарды дәлелдемелер бар ма? Болса қандай?

Алу (-)-осы мәселенің сыннан өтпейтіндігін дәлелдейтін ойлар мен тұжырымдарды дәлелдемелерді табу.

Осы сыни мәселе бойынша қызығушылық туындататын айғақ қандай? Сыни мәселе несімен өзекті?

Блум таксономиясы. Б. Блум, «оқыту-бұл ерекше процесс»-деп атап өте келе «білім алушылардың алдына қойған мақсаттарына жетуге түрткі болатындай, немесе көмектесетіндей сабақтар мен тапсырмаларды мұғалім (оқытушы) дайындау керек»-деген ойын білдірген.

Блум біздің ойлау процесімізді күрделену дәрежесіне қарай алтыға ажыратуға болады деген ұсыныс берген, олар: төменгі дәрежедегі фактіні қарапайым жаңғыртудан жоғарғы дәрежедегі сол фактіге баға беруге дейінгі аралықтағы жіктелудер. Блум таксономиясы-бұл жай ғана классификация тірек-сызбасы емес. Бұл ойлау процестерін иерархия іспеттес ұйымдастыруға деген ұмтылыс. Аталмыш иерархияда әрбір дәреже оқушылардың сол дәрежеде немесе сол дәрежеден төмендерінде жұмыс істей алу қабілеттілігіне байланысты. Мысалы, оқушы білімду

қолдана алуы үшін (3 дәреже), оған қажетті мағлұмат керек (1 дәреже) және сол информацияны ұғына алуы керек (2 дәреже).

Блум түймедағы. Бенджамин Блум таксономиясын жеке технология ретінде де, сауалнамалар жинағы (түймедағы) ретінде де оқыту үрдісінде пайдаланудың мүмкіндіктері бар[5].

Сұрақтардың 6 түрі (Блум таксономиясы бойынша).

Қарапайым сұрақтар. Сабақ барысында сыни мәселеге қатысты қажетті мағлұматқа жауап беру, еске түсірумен ғана шектеледі.

Анық-қанығын нақтылайтын сұрақтар. Блум таксономиясы бойынша сыни тұрғыдан ойлауды дамытуда осы бөлік сұрақтары білімгердің өз ойына бақылау жасауына (рефлексия) жол ашады. Нақтылаушы сұрақтар қатырына:

-«Менің түсінгенім бойынша мына сыни мәселе бойынша сенің айтпағың...?».

-«Менің түсінгенім бойынша сен сыни мәселенің мына бір жағдайынан мынадай түсінікке ие болдың?».

-«Мен қателеспесем менің ойымша сен...?».

-«Сен шынымен де солай ойлайсыңба?».

-«Сен шынымен де сондай пікірдесің бе?».

Түсіндірмелі, мәселені жан-жақты талдаушы сұрақтар. «Неге?» деген сұрақ қойылады.

Шығармашыл сұрақтар. Шығармашыл сұрақтар білімгердің қиялына негізделген. «Осындай болса ше?», «мынадай жағдайда ше?», «мынадай тарихи өзгеріс болғанда ше?» т.с.с. сұрақтар шығармашыл сұрақтар қатарына енеді.

Бағалаушы сұрақтар. Белгілі бір тарихи оқиғаларды, құбылыстар мен айғақтарды бағалауға бағытталған сұрақтар енеді. Мәселен,

-«Сен сол тарихи оқиғаға қандай баға берер едің?».

-«Сенің ойыңша тарихи дерек көздері бойынша сол оқиға дәлелденеді ме?».

Тәжірибелік сұрақтар. Сыннан өтетін мәселенің теориялық жағы мен тәжірибелік жағын байланыстыратын сұрақтар жатады.

«Ақылдың алты қалпағы тәсілі. Сыни тұрғыдан ойлау және шығармашыл тұрғыдан ойлауды қалыптастыруда, одан әрі дамытуда Эдвард де Бононың «Ақылдың алты қалпағы» тәсілінің маңызы зор. Бұл тәсіл бойынша білімгердің ақыл-ой және танымдық іс-әрекеттері өнімді халге өзгереді, білімгер мәселеге сыни және шығармашыл тұрғыдан қарай алады.

Ойлаудың алты қалпағы әдісі келесідей танымдық және басқа да қасиеттерді дамытуға көмектеседі:

-ақыл-ойдың икемділігін арттырады.

-өнертапқыштық қабілеттерін белсендіреді.

-шығармашылық қабілеттерді дамытады.

-кез-келген мәселеге жан-жақтан қарауға көметеседі.

-дұрыс шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

«Алты қалпақ» тәсілі арқылы ойлауды тереңдету, бір мәселеге интуиция, эмоция, интеллект, ақыл-ой, айғақ, байыту, қарама-қайшылықтарды қарастыру арқылы қол жеткізуге болатындығын анықтауға тырысты. Бұл тәсіл қазірде педагогикада кеңінен қолданысқа ие.

1. Ақ қалпақ. Қазақстан тарихы сабағы барысында берілетін мағлұматтарды қарастырып, айғақтар жинауда осы ақ қалпақты білімгерлер (немесе білімгер) киеді. Ақ қалпақты кию арқылы тарихи оқиғаның себеп-салдарын, сол оқиғаның басталуына әсер еткен тарихи факторлар мен бастауларды қарастыруда, егер тарихи оқиға туралы материалдар жетіспесе іздестіруді жүзеге асырамыз.

2. Қызыл қалпақ. Қызық қалпақ білімгердің сезім, эмоциялары мен интуициясын белсендіруге негізделген. Білімгер ішкі өзіндік рефлексия жүргізіледі. Қазақстан тарихы сабағында әсіресе семинар сабақтарында топтасып жұмыс жасауда белгілі бір тарихи оқиғаларға қатысты білімгерлердің өзіндік ішкі сезінулері мен сезім, интуицияларына назар аударту арқылы сыни мәселені сезіммен байланыстырылады да нәтижесінде білімгер сыни мәселеге өзіндік тұрақты тұжырымы негізделеді.

3. Қара қалпақ. Қызыл қалпақта эмоция мен интуиция басты назарда болса, қара қалпақ кигенде білімгер сыни мәселені тек сыни тұрғыда, барлық қарама-қайшылықтарды ескере отырып, мәселенің «әлсіз» және «күшті» тұтастарын ескеру арқылы жүзеге асырылады. Қазақстан тарихы сабағында қара қалпақ киген білімгер тарихи оқиғаға қатысты түрлі дерек көздерін бір-бірімен салыстыру арқылы, сол дерек көздеріне қатысты қарама-қайшылықтар мен сәйкес келмейтін

тұстарын талдайды. Нәтижесінде сабақта белгілі бір проблемалы мәселеге сыни қарау мүмкіндігі туады.

4. Сары қалпақ. Өзекті мәселелерге білімгердің жан-жақты қарауына түрткі болады. (оң көзқараста)

5. Жасыл қалпақ. Жоғарыда аталған қалпақтарға қарағанда жасыл қалпақ өзгешелеу, ерекшелеу. Жасыл қалпақ арқылы білімгер сыни мәселеге шығармашыл тұрғыдан қарауға үйренеді. Қазақстан тарихы сабағында тарихи оқиға мен құбылыстарға белгілі бір ассоциациялық карталар немесе басқа да объектілер көмегімен білімгердің сол мәселеге бейне, белгілі бір образ беруі белсендіріледі. Нәтижесінде білімгер отандық тарихтағы белгілі бір фактіге, тарихи оқиғаға қатысты саналық образдары қалыптасады да, білімгер мәселеге шығармашылық тұрғыдан қарастыра бастайды.

6. Көк қалпақ. Көк қалпақ сыни мәселені байытуға бағытталған. Бұл қалпақты киген білімгер ешқандай алдыңғы процестерге араласпайды, бұл білімгер тек бақылайды, сол бақылау арқылы сыни мәселеге шешім шығарып, мәселені байытады. Қазақстан тарихы сабағында көк қалпақ киген білімгер алдыңғы 5 қалпақ киген білімгердің сөзін, тұжырымдарын және дәлелдемелерін тыңдайды [6].

Қазақстан тарихы сабағында сыни тұрғыдан ойлау технологиясын қолдану арқылы білімгердің мәселеге жан-жақты қарауға үйретуде келесідей тетіктерге (механизмге) сүйену ұсынылады:

1. Сабақ тақырыбы бойынша сыни тұрғыдан ойлауды дамытушы мәселенің сабақтың мақсат-міндеттеріне сәйкес болуын қадағалау керек. Білімгер сабақ тақырыбы бойынша проблемалық мәселені сыннан өткізуді қалайтындығын, ол үшін қандай тәселдер мен құралдарды қолданатындығын алдын ала біліп, таңдап алуы керек. Проблемалы мәселені сыннан өткізуде білімгер қандай қосымша мағлұматтарды қажет ететіндігін, сол мәсе бойынша дәлелдемелері қандай? Осы аталғандардың барлығын білімгер алдын ала жоспарлап, жобалап алады.

2. Сыни мәселе бойынша өзінің және граппаластарының дәлелдемелерін анықтап, сол дәлелдемелерді сыннан өткізудің жолдарын қарастырады.

3. Мәселені сыннан өткізуде ойлаудың қандай дағдыларын қолданған жөн? Сыни мәселенің соңғы нүктесіне, яғни мәселенің сыннан өтіп шынайылығына көз жеткізуде білімгердің ойлау механизмдері қандай? Білімгердің ойлау дәрежесіне интеллектуалды мүмкіндіктерінің қатысы қандай?

4. Алынған нәтижені салыстыру. Сабақтың алдына немесе проблемалы мәселені сыннан өткізудегі алдына қойылған мақсатқа қол жеткізілді ме? Мәселені сыннан өткізуде сол мәселені дәлелдемелермен салыстыру, тапсырмалардың бірізділікпен орындалуын қадағалау-сыннан өткізілетін мәселенің анықтығына қол жеткізуге мүмкіндік береді[7].

Қорыта келе, сыни тұрғыдан ойлауды қалыптастыру технологиясы Қазақстан тарихы сабағында аудиториялық сабақтарда да, аудиториядан тыс сабақтарда да қолданылу мүмкіндігі зор. Әсіресе, тарихи дерек көздері мен статистикалық мәліметтерді қоса өтілетін сабақтарда сыни тұрғыдан ойлау технологиясын пайдалануға болады. Сонымен қатар лекция сабақтарында бір мәселеге түрлі ғалымдардың көзқарастарын талдау барысында білімгердің сол мәселе төңірегінде өзіндік сыннан өткен тұжырымының орнығуында осы аталған технология ұсынылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сорина Г.В. *Критическое мышление: история и современный статус // Вестник Московского университета. Сер. 7, Философия. №6. 2003. С. 97–110.*

2. Клустер Д. *Что такое критическое мышление? / Д. Клустер // Перемена. – 2001. – № 4. – С. 5-13*

3. Махмутов М. И. *Организация проблемного обучения в школе / Махмутов М. И. – М., 1977. –240 с*

4. Кроуфорд А. *Технологии развития критического мышления учащихся / А. Кроуфорд, В. Саул С. Мэтью, Д. Макинстер. – М. : Пляда, 2006.*

5. Bloom B.S. *Taxonomy of educational objectives: The classification of educational goals: Handbook I, cognitive domain. New York: Longman, 1994. -47p*

6. Калинин Л.А. *Критицизм Канта и становление критического мышления // Критическое мышление, логика, аргументация / под ред. В.Н. Брюшинкина, В.И. Маркина. - Калининград, 2003. -С. 35-50.*

7. Загашев И.О., Заур-Бек С.И. *Критическое мышление: технология развития. – СПб.:Альяс-Дельта, 2003.-100 с*

